ЖШС «Big Stroy Group LTD»
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.,
Бопай ханым, 66 офис 69
ЖСН/БСН: 120940009921
Тел.: +7 705 380 7560

Эл. пошта: bigstroygroup@mail.ru

ТОО «Big Stroy Group LTD»
Республика Казахстан, г. Актобе,
улица Бопай ханым 66, офис 69
ИИН/БИН: 120940009921
Тел.: +7 705 380 7560

Эл. почта: bigstroygroup@mail.ru

2026 жылғы 08 «13» **№ 104** **«13» 08 2026 года**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Шағымданушы: «Big Stroy Group LTD» ЖШС, БСН: 120940009921 Мекенжайы: Ақтөбе қ., Бопай ханым көшесі, 66-үй.Тел: +7 705 380 7560.

Тапсырыс беруші: Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алатау» дәстүрлі өнер театры» КМҚК Конкурс нөмірі: № 17312157-ОК1 Лот атауы: Бейнебақылау жүйелерін және ұқсас жабдықтарды жөндеу/жаңғырту бойынша жұмыстар

ШАҒЫМ ХАТ

(Конкурс қорытындысының заңсыздығына наразылық білдіру туралы)

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алатау» дәстүрлі өнер театры» КМҚК ұйымдастырған № 17312157-ОК1 конкурсының қорытынды хаттамасына сәйкес, «Big Stroy Group LTD» ЖШС баға критерийі бойынша 1-ші орында тұрғанына қарамастан, веб-портал тарапынан «еңбек ресурстарының жұмыс өтілін растайтын сканерленген көшірмелері тіркелмеген» деген негіздememен автоматты түрде конкурстан шеттетілген.Шағымданушы бұл автоматты шеттету шешімімен мүлдем келіспейді және Комитеттен келесі заңды айғақтар мен негіздерді ескере отырып, шағымды мәні бойынша қарауды сұрайды:1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциясы мен Enbek.kz растауы:«Big Stroy Group LTD» ЖШС тарапынан конкурсқа мәлімделген барлық мамандар Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес, «Enbek.kz» (Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі — ЕШЕБЖ) мемлекеттік ресми порталында заң жүзінде тіркелген және тиісті электронды растаудан (подтверждение) өткен. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының негізгі принциптері мен цифрландыру талаптарына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу порталы мемлекеттік «Enbek.kz» жүйесімен тікелей интеграцияланған. Сондықтан, мамандардың ресми жұмыс өтілі мен кәсіби біліктілігі туралы мәліметтер мемлекеттік базада заңды түрде қолжетімді тұр. Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік цифрлық базалардың өзара интеграциялық мәліметтеріне құқықтық тұрғыдан толық сенім білдірген. 2. Құжаттардың веб-портал жүйесінде толық көлемде бар болуы: Веб-порталдың автоматты алгоритмі (роботы) құжаттар «жоқ» деп жаңсақ шешім қабылдаған. Шындығында, сұралған барлық мамандардың дипломдары, жеке куәліктері, халықаралық «Dahua Technology» кәсіби сертификаттары және электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама хаттамалары өтінімді жолдау сәтінде «Қосымша файлдар» (Дополнительные файлы) бөліміне толық көлемде және уақытында жүктелген.Құжаттардың «Еңбек ресурстары» (Трудовые ресурсы) терезесінде емес, көршілес «Қосымша файлдар» бөлімінде орналасуы — өтінімнің мазмұнын, мамандардың нақты біліктілігін және олардың бар екендігін жоққа шығармайтын таза техникалық ерекшелік болып табылады. 3. Жоғары Соттың формализмге тыйым салу принципі: ҚР Жоғары Сотының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 3 Нормативтік қаулысының тікелей талабына сай, мемлекеттік сатып алу процесінде әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тек сыртқы формальды белгілер немесе құжаттың орналасқан терезесі бойынша бағалап, шеттетуге ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ. Құжаттардың ішкі мазмұнында мамандардың біліктілігі толық расталып тұр. Бұл ретте, ең тиімді баға ұсынып, мемлекет бюджетінің қаржысын үнемдеп тұрған компанияны мұндай таза техникалық себеппен шеттету — Заңның 4-бабындағы бюджет қаражатын тиімді жұмсау және әділ бәсекелестік принциптеріне тікелей қайшы келеді. Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің құзыреті дәл осындай веб-порталдағы техникалық ақаулар мен формальды шеттетулерді реттеу болып табылатындықтан, жоғарыда айтылғандардың негізінде,

СҰРАЙМЫЗ: Осы шағым хат Мемлекеттік сатып алу заңнамасы аясында мәні бойынша қаралсын. № 17312157-ОК1 конкурсы бойынша шыққан қорытынды хаттаманың заңсыздығы танылып, күші жойылсын.«Big Stroy Group LTD» ЖШС-нің өтінімі заңды деп танылып, конкурс қорытындысы қайта қарауға (на пересмотр) жіберілсін.

«BigStroyGroupLTD» ЖШС директоры _____ **Дербісов Ержан Сәндібайұлы**

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БИН 120940009921 Big Stroy Group LTD Товарищество с ограниченной ответственностью Республика Казахстан